*Ф-ОБ-001/065*

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ**

**ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІ**

**ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ № 5 ХАТТАМАСЫ**

**Түркістан қаласы** **24. 02. 2023ж.**

**Қатысқандар:** АК төрағасы: п.ғ.к., доцент м.а. С. Алимбекова, АК мүшелері п.ғ.к., доцент м.а. А.Қ.Рысбекова, П.Қ.Искакова, п.ғ.к., доцент Ж.Н.Садуова, PhD аға оқытушы А.Б.Тасова, аға оқытушылар С.У.Паштанов, Ж.Қ.Дүйсенова, магистр оқытушы Д.С.Жаркинбаева. АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі М.Әбенова атындағы орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры: Т.М.Меңдібаева, АК мүшесі, білімгерлер өкілі: 8D011-Педагогика және психология БББ докторанты А.Даулханбеков, 7М011-Педагогика және психология БББ магистранты С.Қасымбай, 6В011-Педагогика және психология БББ студенті Г.Бегалиева.

Қатыспағандар: -

**Күн тәртібі:**

1. Жоғары оқу орнынан кейінгі ББ аудитін өткізу.
2. Жоғары оқу орнынан кейінгі ББ жаңарту және жаңа ББ әзірлеу ұсыныстарын жинақтау, зерттеу.
3. Ақпан айында атқарылған іс-шаралар нәтижесін талдау.

**Тыңдалды:**

**АК төрағасы С.Алимбекова:** Саламатсыздар ма, құрметті педагогика және психология даярлау бағыты бойынша академиялық комитет мәжілісінің мүшелері, ақпан айындағы мәжілістің күн тәртібіндегі қарастырылатын мәселелерге келетін болсақ: бірінші мәселе, жоғары оқу орнынан кейінгі ББ аудитін өткізу; екінші мәселе жоғары оқу орнынан кейінгі ББ жаңарту және жаңа ББ әзірлеу ұсыныстарын жинақтау, зерттеу; үшінші мәселе ақпан айында атқарылған іс-шаралар нәтижесін талдау. Бүгінгі мәжілісте осы аталған үш мәселе бойынша атқарылған жұмыстарды қарастырып, өз ойларыңызды ортаға салып талқылайық.

**Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша сөз кезегін АК мүшесі, кафедра меңгерушісі п.ғ.к., доцент м.а. А.Қ.Рысбекова алды:** Бірінші мәселе бойынша тоқталсам, жоғары оқу орнынан кейінгі ББ аудитін өткізу. «Педагогика және психология» даярлау бағыты бойынша магистратура және докторантура деңгейлері бойынша ББ-да көрсетілген пәндерге аудит жүргізілді. Заман талабына сай білікті, білімді, бәсекеге қабілетті маман даярлау үшін қажетті (міндетті және таңдау компоненттері бойынша) пәндерге сараптама жасалды. Сонымен қатар, осы бағыт бойынша жұмыс берушілермен кездесіп, педагогика және психология білім беру бағдарламасы жан-жақты талқыланып, болашақ мамандардан талап етілетін құзыреттілікті игеру керек екені айтылды.

**АК төрайымы – С.Алимбекова:** екінші мәселе жоғары оқу орнынан кейінгі ББ жаңарту және жаңа ББ әзірлеу ұсыныстарын жинақтау, зерттеу бойынша айтар болсам, магистратура және докторантура деңгейлері бойынша кәсіптік стандарттарды ескере отырып, бітірушінің құзыреттілігін жұмыс берушілермен бірге бірлесіп талқылау жасалды. Сонымен қатар, магистратура және докторантура бойынша білім беру бағдарламасының мазмұнын, білім беру саласындағы нормативтік құжаттар мен жұмыс берушілердің

ұсыныстарын ескере отырып жаңартылды, онда білім беру бағдарламасының ерекшеліктері, бағдарлама негіздемесі, негізгі құзыреттіліктер мен оқыту нәтижелері көрсетілді. Сонымен қатар, күтілетін білім мен қабілеттерді көрсету үшін белсенді етістіктерді қолданылды. Белсенді етістіктерді қолдану, оқу нәтижесінің қандай болатынын және ол қалай көрініс табатынын анықтауға көмектеседі. Етістікті таңдау әзірленген бағдарламаның академиялық деңгейімен тығыз байланысты болады.

**АК мүшесі – Ж.Садуова:** Үшінші мәселе, ақпан айында атқарылған іс-шаралар нәтижесіне келер болсақ, қазіргі таңда магистратура және докторантура деңгейлері бойынша ББ-ны әзірлеу барысында бірқатар жұмыстар жүргізіліп жатыр, жұмыс берушілермен кездесу ұйымдастырылып, магистратура және докторантурада жүргізілетін пәндер қайта талқыланып, ұсыныстардың негізінде пәндер жаңаланды.

**АК төрағасы С.Алимбекова:** Құрметті АК мүшелері алдымызда атқарылатын жұмыстар өте көп екені белгілі. Сондықтан ББ бойынша берілген ауқымды жұмыстарды бірігіп жасасақ барлық жұмыстар оң шешімін табады деген сенімдемін.

**Шешім:** Күн тәртібіндегі қарастырылған мәселелер шешімін тапты: Жоғары оқу орнынан кейінгі ББ аудиті өткізілді; Жоғары оқу орнынан кейінгі ББ жаңарту және жаңа ББ әзірлеу ұсыныстары жинақталды және зерттелді; ақпан айында атқарылған іс-шаралар нәтижесіне талдау жасалды. Ақпан айындағы академиялық комитеттің күн тәртібіндегі қарастырылған мәселелердің нәтижесі қанағаттандырылсын.

**АК торайымы:** **С.Алимбекова**

**Хатшысы:** **С.Паштанов**